



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

Бірнеше онжылдықтар бұрын аутистік спектр бұзылысы бар балаларға білім беру мүмкін еместей көрінгенболатын [7].

Уақыт өте келе заманауи технологиялар мен білікті мамандар саны артып кез-келген кемшілікті түзетуге болатынын дәлелдей бастады. Әр адам үшін білімнің маңызы ерекше орын алады. Қоғамдық өмірде бәсекеге қабілетті болу үшін, жоғарғы орындарда білім алудың маңызы зор. Математика адам өмірінің негізгі бөлігін құрайды. Сол сияқты бұзылысыбар балалар да өз бетінше өмір сүріп дағдылануы үшін математикалық қабілеттіктерін арттыруы тиіс. Жоғарыда атап өткендей аутистік спектр бұзылысына шалдыққан балаларға математикада кездесетін қарапайым амалдарды түсіну сонымен қатар оларды меңгеру ұзақ уақытты талап етеді. Жаңа білімді түсіндіру түсіндіре алуға қабілетті болу үшін арнайы педагог жаңашылдыққа жақын болумен қатар түрлі әдіс-тәсілдерді білуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баенская Е.Р. Нарушения аффективного развития ребенка при формировании синдрома раннего детского аутизма // Дефектология. – 2008. – № 4. – С. 11-19.2. Назарова Н.М. Арнайы педагогика – М. 2004 жыл.
3. Аутизм. Медицинское и педагогическое воздействие: книга для педагогов-дефектологов / Пер. с англ. О.В. Деряевой; под науч. ред. Л.М. Шипицыной; Д.Н. Исаева. – М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2005. – 144 с. – (Коррекционная педагогика).
4. Сладкова Е.А., Терентьева К.Ю. Использование Нумикона на занятиях группы подготовки к школе // Синдром Дауна XXI век. 2011. № 2. С. 48–55.
5. Сладкова Е. А., Терентьева К. Ю. Нумикон и другие способы познакомиться с математикой // Сделай шаг. 2011. № 3 (44). С. 5–9.
6. URL: <https://www.numicon.co.nz/> (дата обращения: 09.11.2022)
7. <https://global.oup.com/education/content/primary/series/numicon/?region=international>

ӨОЖ 371.59:

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНА ЫҚПАЛЫ

Алисінқызы Бағдагүл
магистрант, Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Қызылорда қ., Қазақстан
E-mail: bagda.alisinkyzy@bk.ru

Аңдатпа

Мақала жеткіншектердің өзін-өзі жүзеге асыруының өзекті мәселесіне және білім беру ұйымындағы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару қызметін жетілдіруге арналған. С.И. Кудиновтің «Өзін-өзі жүзеге асыру» және В.Т. Кабуштың «өзін-өзі басқару» ұғымының анықтамалары негізінде жеткіншектердің әртүрлі әрекеттесу салаларында, соның ішінде өзін-өзі басқару қызметінде өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін факторлармен сипатталатын жеткіншектікке зейін ерекшеліктеріне назар аударылады.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару моделінің сыртқы және ішкі жағдайларын бағалау критерийлері мен көрсеткіштерінің классификациясы ұсынылған. Зерттеудің өзектілігі жеткіншектердің өзін-өзі жүзеге асыруының шарты ретінде мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару моделін одан әрі жетілдіру және басқару қызметін барабар талдауға байланысты екендігі сипатталған.

***Түйінді сөздер:** өзін-өзі жүзеге асыру; жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы; критерийлер мен көрсеткіштер; басқарушылық қызмет*

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме самореализации подростков и совершенствованию самоуправления школьников в образовательных организациях. В концепции «Самореализация» С.И.Кудинова и В.Т.Кабуша «Самоуправление» на основе определений понятия внимание уделяется особенностям подросткового возраста, характеризуемым факторами, влияющими на самореализацию в различных сферах взаимодействия подростков, в том числе в самоуправленческой деятельности.

Кроме того, представлена классификация критериев и показателей оценки внешних и внутренних условий модели самоуправления школьников. Описано, что актуальность исследования зависит от дальнейшего совершенствования модели самоуправления школьников и равный анализ управленческой деятельности как условия самореализации подростков.

Ключевые слова: самореализация; самоуправление подростков; критерии и показатели; управленческая деятельность.

Abstract.

The article is devoted to the actual problem of self-realization of adolescents and the improvement of the activities of school students' self-government in an educational organization. Attention is paid to the adolescent period of the student, characterized by personal neoplasms, which contribute to self-realization in various areas of interaction, including student self-government.

A classification of criteria and indicators for assessing the external and internal conditions of the school students' self-government model is proposed. The relevance of the study is due to an adequate analysis of management activities and the further improvement of the school self-government model as a condition for the self-realization of adolescents.

Key words: self-realization; adolescents; school student self-government; criterias and indicators; management activity

Білім беру ұйымындағы басқару процесі – бұл әкімшілік билік пен педагогикалық, оқушылардың және ата-аналардың өзін-өзі басқару органдарының бірлескен қызметі және өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін шешудегі мүдделердің бірігуімен сипатталады.

Білім беру ұйымының алдында жас ұрпақтың бойында шығармашылық ойлауға, мемлекеттік және қоғамдық істерге араласуға және айналасындағылармен қарым-қатынасын белсенді құруға қабілетті, бастамашыл, жауапты және дербес субъектінің қасиеттерін дамыту міндеті тұр. Жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы мектеп өмірін ұйымдастыруға саналы түрде қосылуға көмектеседі, бұл мектеп жасында өзін-өзі жүзеге асыру процестерін белсендіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын түсіндірудің әртүрлі тәсілдері бар (В.В. Байлук [1, б.11], Л.А. Коростылев [2, б.8], Г.К. Селевко [9, б.25]). С.И. Кудиновтің өзін-өзі жүзеге асыру арқылы «онтогенез процесінде өмірдің әртүрлі салаларында тұлғаның өзін-өзі көрсетуге дайындығы мен ұмтылысының тұрақтылығын қамтамасыз ететін аспаптық-стильдік және мотивациялық-семантикалық сипаттамалардың жиынтығын» білдіреді деген тұжырым айтады [3, б. 32].

Өзін-өзі жүзеге асыру процесін сәтті құру үшін адамды белсенділікке итермелейтін тілектерін, ниеттерін және мүдделерін, мүмкіндіктері мен оның әлеуетін, оған деген көзқарасын және өзін-өзі бағалауды шынайы бағалай отырып, сәйкестендіреді [4, б. 57]. Бірақ өзін-өзі жүзеге асыруда пайда болатын төмендегі қиындықтарды ескеру қажет: жеке адам өмірде қол жеткізгісі келетін мақсатын әлі белгілемеген; оның әлеуетін жүзеге асыру жолын көрсетпейді; басқа адамдардың (мұғалімдердің, ата-аналардың, достарының) жоспарларын орындауда бастамашылық көрсетеді. Адам жеткіншек кезінен бастап болашақ кәсіби саласында және жеке өмірінде жоспар құруға, өзінің шынайы тағдырын түсінуге тырысады.

Ерте жастық кезеңдегі мектептің шешуші рөлі оқушының танымдық және әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Жеткіншектік кезең тұлға құрылымындағы жаңа формациялардың дамуымен байланысты, олар өзара әрекеттесудің әртүрлі салаларында (академиялық ұжым, отбасы, жалпы мектептік, бейресми ұжымдар және т.б.) жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Білім беру ұйымында жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы осындай қызмет ретінде әрекет ете алады.

В.Т. Кабуш [5, б. 36] жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы дербестіктен, бастамашылықтан, шешім қабылдау қабілетінен және ұжымның мүддесі үшін жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруынан тұрады дейді. Бұл тәуелсіз қозғалыс сынды оқу-танымдық, әлеуметтік-мәдени, мәдени-ағартушылық, қоғамдық және т.б. әр түрлі қызмет түрлерін қамтиды.:

Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру процесі дамитын өзін-өзі басқару ортасы тек қолдау мен көмек көрсетуді ғана емес, сонымен қатар жеткіншектердің оқу, жетілдіру және мүмкіндіктерін іске асыру үшін белгілі бір құрамдас бөліктерді қамтиды [6, б.14].

Жеткіншектердің өзін-өзі басқаруының жұмысы түзету және жақсы нәтижелерге жету үшін жүйелі бақылауды қажет етеді. Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруын дамыту үшін бағдарламалық-әдістемелік шарттар қатарында заңнамалық базаны жетілдіру қарастырылған. Өзін-өзі басқару бағдарламасы икемді, нұсқалы, мағыналы және өзгерістерге бейім болуы тиіс.

Әлеуметтік-психологиялық шарттар – мектеп оқушыларының әкімшілікпен, педагогикалық және ата-аналар комитеттерімен, қоғамдық ұйымдармен және басқа да әлеуметтік серіктестермен тығыз қарым-қатынасынсыз оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту мүмкін емес. Өзара әрекеттестіктің арқасында жеткіншектердің өзін-өзі басқаруын дамытудың мәселелері мен мүмкіндіктерін әртүрлі қырынан қарастырып, қызметтің негізгі бағыттарын анықтауға болады. Жеткіншектердің өзін-өзі басқаруына қатысушылар тұлғасының жеке ерекшеліктерін есепке алу шарттары субъектілердің жеке тұлғасының дамуына олардың өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін белгілі бір психологиялық-педагогикалық әсер ету шараларын қамтамасыз етуге арналған.

Сыртқы жағдайлардың жоғары нәтижелеріне жету үшін жеке тұлғаның ішкі жағдайларын, оның қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеру қажет. Өзін-өзі жүзеге асырудың құрылымдық моделінің мотивациялық-семантикалық аспектісі А.И. Крупнов [7, б. 33], ол когнитивтік, мотивациялық және өнімділік сипаттамаларымен ұсынылған.

Өзін-өзі жүзеге асырудың негізі – танымдық компоненттің негізін құрайтын білім мен тәрбие процесінде қалыптасатын табиғи алғышарттар (оның темпераменті, табиғи бейімділігі), оқушы тұлғасының қасиеттері. Мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысушының белсенділігін ынталандыратын қажеттіліктер, ниеттер, тілектер мен ұмтылыстар жеткіншектік шақта бұлыңғыр болады, сондықтан мұғалімнің міндеті - жеткіншектердің одан әрі өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін өзін-өзі тану үшін жағдай жасау.

Жеке тұлғаның ішкі жағдайын бағалаудың келесі құрамдас бөлігі мотивациялық болып табылады. Ұмтылу қажеттіліктерді тану және шешім қабылдау процесінде пайда болады. Белсенділік бағытын қамтамасыз ететін және ынталандыруды қабылдауда, ізденіс әрекетінде, нақты мақсатты таңдауда және мақсатқа жету ниетін қалыптастыруда (мотивация және бастама) көрініс табатын мотивациялық күйлер. Бұл компонент өз мүмкіндіктерін өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі тануға негізделген. Ниет әрекеттерді тудырады, содан кейін оның мақсаты мен процесі оқушыға тартымды болатын белгілі бір әрекетке бағыттау үшін мотивтер пайда болады.

Өзін-өзі жүзеге асырудың соңғы құрамдас бөлігі мінез-құлықтың үйреншікті тәсілдерін жүзеге асыру, немесе тиімділік болып табылады. Болашақтың қиялдық бейнесін жүзеге асыруға, мақсатқа қарай жылжу кезіндегі әрекеттер позицияларында мағынаның пайда болуына, өмір мен қызметтегі құндылықтардың саналы бейнесіне қарай қозғалыс. Бұл кезеңде өзін-өзі бақылау (өз қызметін бақылау) мен әлеуметтік бақылау (қоғамның талаптары) арасында ымыраға келу маңызды. Осы құрамдас бөлігін біреуінің басым болуы оқушының жеке басына кері әсер етуі мүмкін.

Адамның өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асыру процесі жаңа жетістіктерге, өз мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіруге деген ұмтылысты шабыттандырады және тудырады. Адам өзінің қабілеттерін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеуде өз қызметін басқарудың, өмірлік мақсаттарын орындаудың мақсаттары мен құралдарын өз бетінше таңдай бастайды.

Өзін-өзі жүзеге асыру моделінің нәтижесі – мақсат қоядан мақсатты орындауға, білім алудан тәжірибеге көшу нәтижесі, болашақ мақсаттарды қазіргі уақытқа аудару, іс-әрекет процесінде, алған білімінде бейнеленуі мүмкін [8, б. 76].

Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару моделінің сыртқы жағдайларын бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін қарастырайық. Негізгі критерийлердің бірі оқушылардың өзін-өзі басқаруының барлық деңгейлерде: жеке, сынып ұжымында, жалпы мектептік органдарда жұмыс істеуі болып табылады. Неғұрлым тиімді жұмыс істеу үшін келесі көрсеткіштерді сақтау қажет:

1. Өзін-өзі басқару органдарының ерекшеліктерін ескере отырып, қызмет түрлері мен бағыттарының алуан түрлілігі.

2. Жеткіншектердің өзін-өзі басқару қызметінің мазмұнының мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі.

3. Мектеп газетінің, сайтының болуы және қызметі, әлеуметтік желілердегі қызметі.

Келесі критерий мұғалімдердің, мектеп оқушыларының және олардың ата-аналарының өзін-өзі басқару саласындағы тұлғалық өсу мүмкіндігі болып табылады. Бұл критерийді диагностикалау және бағалау үшін сипаттамалық көрсеткіштерді бөліп көрсету қажет, мысалы:

1. Өзін-өзі басқаруды үйлестіретін мұғалімдерге және белсенді жеткіншектерге арналған әдістемелік материалдардың қолжетімділігі мен сапасы.

2. Дайындалған мұғалімдердің болуы және оларды оқыту жүйесі.

3. Мектеп оқушыларының даярланған активінің және оның үздіксіз білім беру жүйесінің болуы.

Нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу жеткіншектердің өзін-өзі басқару жұмысының маңызды бөлігі болып табылады және модельді бағалау критерийі ретінде әрекет етеді.

Сыртқы жағдайлардың соңғы критерийі жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескеру болып табылады. Бұл критерийдің көрсеткіштері келесідей:

1.Өзін-өзі басқаруына қатысатын жеткіншектердің жеке ерекшеліктерін анықтауға арналған диагностикалық құралдардың болуы.

2. Жеткіншектердің өзін-өзі басқару активінің жеке мүмкіндіктерін бақылау.

3. Кейінгі жоспарлау, бағдарламаны құрастыру немесе түзету кезінде диагностикалық мәліметтерді есепке алу.

Сонымен, жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы қазіргі заманғы қоғам талабы болып табылады. Білім беру ұйымының міндеті – қажетті жағдай жасау, мектеп оқушыларына өзін-өзі басқару органдарының жұмысын ұйымдастыруға көмектесу және жеткіншектердің өзін-өзі басқаруының барлық құрылымдарына қолдау көрсету.

Критерийлер мен көрсеткіштердің жиынтығы басқару қызметін барабар бағалауға және жеткіншектердің өзін-өзі жүзеге асыру шарты ретінде мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару моделін одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байлук В.В. Человеческое саморазвитие. Самореализация личности: общие законы успеха [Текст]: монография / В.В. Байлук. – Екатеринбург, 2011. – 383 с.

2. Коростылева Л.А. Психология самореализации личности: основные сферы жизнедеятельности [Текст]: монография / Л.А. Коростылева. – М.: РГБ, 2001. – 403 с.

3. Селевко Г.К. Освоение технологии саморазвития личности школьников: Как стать экспериментальной площадкой [Текст] / Г.К. Селевко // Народное образование. – 2005. – №1. – С. 181-185.

4. Прутченков А.С. Ученическое самоуправление: организационно-правовые основы, система деятельности [Текст]: учебно-методическое пособие / А.С. Прутченков, И.С. Фатов. – М.: Изд-во Моск. гуманит. ун-та, 2013. – 112 с.

5. Кудинов С.И. Системная модель самореализации личности [Текст] / С.И. Кудинов, А.И. Крупнов // Вестник РУДН, серия Психология и педагогика. – 2008. – № 1. – С. 28-36.

6. Кабуш В.Т. Ученическое самоуправление: теория и практика [Текст]: пособие для кл. рук. и педагогов-организаторов / В.Т. Кабуш. – Минск.: Белорусский фонд социальной поддержки детей и подростков «Мы – детям». 1999. – 187 с.

7. Емельянова И.Е. Профессиональная самореализация воспитания как основа освоения ребенком способов саморазвития [Текст] / И.Е. Емельянова // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2013. – №10. – С. 68-74.

8. Жураковская В.М. Технологии самореализации личности учащегося [Текст] / В.М. Жураковская // Преподаватель XXI век. – 2007. – №2. – С. 176-182.

9. Еровикова Д.С., Семеновских Т.В. Школьное ученическое самоуправление как средство самореализации обучающихся в старшем подростковом возрасте // Сб. трудов XIX Всерос. студ. науч.-практич. конф. Нижневартковского гос. ун-та 0405 апреля, 2017. – Нижневартковск: Изд-во: Нижневартковский гос. ун-т, 2017. – С. 74-78.

УДК371:316.624

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФИЛАКТИКИ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

Аллавердиева Наталья Евгеньевна

Психолог

КГКП «Костанайский строительный колледж»
управления образования Костанайской области

г.Костанай, Казахстан

E-mail: allaverdieva.1978@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада қазіргі жағдайда жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын-алу мәселелері қарастырылады, суицидтің мәні мен оның пайда болу себептері анықталады, жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы сипатталады, жанжалдардың сипаттамасы суицидтік мінез-құлқтың себептері ретінде сипатталады, суицидтік мінез-құлқтың жіктелуі мен тұжырымдамалық модельдері келтірілген, жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын-алу және бастапқы алдын-алу жүйесі туралы түсінік беріледі.

***Түйінді сөздер:** жасөспірім, суицид, суицидтік мінез-құлық, алдын алу, бастапқы профилактика, жасөспірімдердің психологиялық жағдайы*